

Абай облысы Үржар ауданының азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 72 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 мамырда № 5035 болып тіркелді

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 30.11.2023 № 369 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) - тармақшасына, 139 - бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Үржар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕД**:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Абай облысы Үржар ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 23.12.2022 № 589 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Үржар ауданы әкімінің орынбасары Қ.Сейтқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар ауданының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Үржар аудандық мәслихатының
сессия төрагасы

"21" сәуір 2017 жыл

С. Зайнулдин

M. Ақтеков

Үржар ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 17 наурыздағы
№ 72 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және Абай облысы Үржар ауданының ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 23.12.2022 № 589 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшысы;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;
- 3) қарттар мен мүгедектігі бар адамды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар балаларды және 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 6) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
- 7) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Абай облысы Үржар ауданы әкімдігінің 28.02.2025 № 54 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (директоры);
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана менгерушісі (басшысы);
- 4) барлық атаудағы әртістері;
- 5) кітапханашы;
- 6) дирижер;
- 7) әдістемеші;
- 8) музикалық жетекші;
- 9) режиссер;
- 10) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 11) ұжым (үйірме) басшысы;
- 12) хореограф;
- 13) дизайнер;
- 14) барлық атаудағы менеджер;

15) жарық аппаратурынды операторы;

16) дыбыс жазба операторы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК